

Мұнай өнімдерін өндіру саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 146 және Экономикалық даму және сауда министрінің м.а 2011 жылғы 31 тамыздағы № 275 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 12 қыркүйекте № 7180 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 маусымдағы № 420 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 маусымдағы № 479 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 22.06.2015 № 420 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.06.2015 № 479 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына, «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 2011 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 17-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Мұнай өнімдерін өндіру саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті (Т.А.Момышев):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден кейін ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мұнай және газ вице-министрі Л.К.Кииновке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Мұнай және газ министрі*

*Қазақстан Республикасының
Экономикалық даму және сауда*

С. Мыңбаев
2011 жылғы 25 тамыз

министрінің міндетін атқарушы
Д. Шәженова

2011 жылғы 31 тамыз

Қазақстан Республикасы
Мұнай және газ министрінің
2011 жылғы 25 тамыз № 146
және Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және сауда
министрі міндетін атқарушының
2011 жылғы 31 тамыздағы № 275
бірлескен бұйрығымен
бекітілді

Мұнай өнімдерін өндіру саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері

1. Осы Мұнай өнімдерін өндіру саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері (бұдан әрі – өлшемдер) мұнай өнімдерін өндіру саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерін тәуекелдің белгілі бір тобына жатқызу үшін Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы, «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 2011 жылғы 20 шілдедегі Заңдарына сәйкес әзірленді.

2. Осы өлшемдерде мына ұғымдар пайдаланылады:

1) мұнай өнімдерін өндіруші – мұнай өнімдерін өндіруді жүзеге асыратын және өндіріс паспорты бар жеке немесе заңды тұлға.

2) тәуекел – тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

3) тәуекелдерді бағалау жүйесі – бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын органның тексерулерді жоспарлау мақсатында жүргізетін іс-шаралар кешені;

4) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері – тексерілетін субъектінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, тексерілетін субъектілерді әртүрлі тәуекел дәрежесіне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің

ж и ы н т ы ғ ы ;

5) тексерілетін субъекті – қызметіне бақылау және қадағалау жүзеге асырылатын мұнай өнімдерін өндіруші;

3. Бастапқы кезде барлық тексерілетін субъектілер орташа тәуекел дәрежесі тобына жатқызылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мұнай және газ министрінің 28.01.2014 № 10 және ҚР Өңірлік даму министрінің 31.01.2014 № 22-НҚ бірлескен бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Тексерілетін субъектілерді тәуекел топтарына кейінгі бөлу мына өлшемдер бойынша жинаған балға байланысты жүргізіледі:

тексерілетін субъектілермен құрамында металы бар қосындыларды (дизель отыны үшін статикалық қарсы қосындылардан басқа, темір, марганец, қорғасын және басқалары) пайдалана отырып, бензин мен дизель отынын өндіру - 2 балл;

екі және одан да көп тексерілетін субъектілермен мұнай өнімдерін өндіру үшін бір ғана жабдықты пайдалануы - 1 балл;

тексерілетін субъектілермен шикі мұнайдың және (немесе) газ конденсатының шыққан жерін және сапасын растайтын құжаттар болмаған кезде мұнай берушілерден шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын сатып алуға, сондай-ақ өңдеуге қабылдау - 6 балл;

шұғыл түрде авариялық жағдайды болдырмау қажеттігі туындаған жағдайларды қоспағанда, мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органмен келіспестен, мұнай өнімдерін өндіру үшін пайдаланылатын технологиялық қондырғылардың жұмысын тоқтату және аз қуатты технологиялық қондырғыларда мұнай өнімдерін өндіру - 2 балл;

тексерілетін субъектілердің шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын өткізуі - 1 балл;

тексерілетін субъектіде өндіріс паспортының болмауы - 1 балл;

тексерілетін субъектіде мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган бекіткен технологиялық қондырғылардың жоспарлы-алдын алу жұмыстарын жүргізудің жылдық кестесінің болмауы - 1 балл;

тексерілетін субъектіде Қазақстан Республикасының резидент-банкінде инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру үшін ағымдағы шоттың болмауы - 1 балл;

тексерілетін субъектілердің инвестициялық бағдарламаларды іске асыру туралы есептілікті ұсынбауы - 1 балл;

тексерілетін субъектілердің мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға ведомстволық статистикалық қадағалау немесе әкімшілік есеп жүргізу үшін қажетті бастапқы статистикалық деректерді немесе бастапқы әкімшілік

деректерді ұсынбауы - 4 балл;
тексерілетін субъектілердің мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органмен белгіленген мұнай өнімдерін өндірудің белгіленген аз мөлшерін орындамауы - 2 балл.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мұнай және газ министрінің 28.01.2014 № 10 және ҚР Өңірлік даму министрінің 31.01.2014 № 22-НҚ бірлескен бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Тексеру қорытындысы бойынша тексерілетін субъектінің жинаған балдары қосылып есептеледі.

Тексеру кезеңінде 4 балға дейін жинаған тексерілетін субъектілер болмашы тәуекел дәрежесі тобына жатқызылады.

Тексеру кезеңінде 4 балдан 6 балға дейін жинаған тексерілетін субъектілер орташа тәуекел дәрежесі тобына жатқызылады.

Тексеру кезеңінде 6 балл және одан көп балл жинаған тексерілетін субъектілер жоғары тәуекел дәрежесі тобына жатқызылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мұнай және газ министрінің 28.01.2014 № 10 және ҚР Өңірлік даму министрінің 31.01.2014 № 22-НҚ бірлескен бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Жоспарлы тексерулер тәуекел дәрежесіне байланысты: жоғары тәуекел дәрежесі кезінде – жылына бір реттен; орташа тәуекел дәрежесі кезінде – үш жылда бір реттен; болмашы тәуекел дәрежесі кезінде – бес жылда бір реттен жиі емес кезеңділікте жүргізіледі.